

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:  
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:  
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378  
ББК 74.58  
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

**Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.**

**ISBN 978–601–337–389–8**

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378  
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020  
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

ӘӨЖ 378.147

**ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ CLIL  
(CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING) ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Жаманғарина Айдана Аманкелдіқызы**

**zhamangarina\_aa@enu.kz**

А. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01510 - Физика педагогтерін даярлау мамандығының

2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі – Инербаев Т.М.**

Қазіргі кезде заманауи талапқа сай білім беру жүйесі арнасы үштілділікке бет бұрған шақта жан-жақты шығармашылықпен, жаңа бастамамен жұмыс жасайтын жас ұрпақ қалыптастыру – ұстаздар қауымы үшін де аса маңызды қадам болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын жүзеге асыруды Қазақстан халқына арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деп анық көрсетті. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы- заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама болып табылады [1].

Бүгінгі таңда еліміздің мектептерінде үш тілді оқытудың маңызы арта түсумен қатар, оның бағыттары да кеңейуде. Жалпы үш тілді оқытудағы басты міндет -оқушының тілдік қарым-қатынас жасай алу қабілетін, тілді қолдана білу біліктілігін жетілдіру. Аталған мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан іздей отырып, жұмыстануда. Елбасының тапсырмасымен 2020 жылға қарай ЖОО-лардағы барлық техникалық және медициналық мамандықтар ағылшын тілінде оқытуға көшуде. Сондықтан, осы өзгеріске мектептер де дайын болуы тиіс. Жоғарғы оқу орындарында көптілді топтардың саны көбейе бастағандықтан, 10-11 сыныпта оқитын мектеп түлектерінің физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде меңгеруі аса маңызды. Өскелең ұрпақты үштілділікке баулу, мектеп жүйесінде үш тұғырлы тілді дамыту заман талабы.

Өмірлік қажеттіліктен туындаған «Үш тұғырлы тіл» идеясы – физика пәнінің зерттеу әдістерін ғылыми, пәнаралық, интерактивті әрекет жасау арқылы оқушының жалпы ғылыми ойлауын, көзқарасын қалыптастыру негізінде бәсекелесікке қабілетті белсенді ұрпақ дайындау.

Сабақта барысында жаңа әдіс-тәсілдер қолдану барысында CLIL технологиясы тиімді болып саналуда, яғни оқушылар жұпта, жеке, топта, ағылшын тілінде физикалық терминдердің, шамалардың әрекеттерін ағылшын тілінде айтуды іске асырады, әр оқушы сабақта орындалатын тапсырмаларға жауапкершілікпен қарауға, топта және жұпта пікір алмасып отыруы сабаққа деген қызығушылығы мен құлшынысын жоғарылатады.

CLIL-оқытудың жаңа технологиясы, CLIL (Content and Language Integrated Learning - Пән және Тілді Кіріктіріп Оқыту) осы CLIL әдісі арқылы – әртүрлі пәндерді шет тілінде оқытамыз. CLIL термині қолшатыр сияқты, бірнеше пәндерді құрайды, мысалы: математика, биология, география және физика т.б. пәндерді қолдана отырып, шет тілінде оқыта аламыз. Бұл ұғымды алғаш рет Дэвид Марш 1994 жылы ойлап тапты, көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді, семинарлар өткізілді, педагогикалық тұрғыдан дамыды, тек қана 2001 жылы CLIL термині енгізілді [2]. Бұл ұғым Қазақстанға Болондық жүйесі бойынша 2010 жылдан бастап енгізілді, CLIL әдісі бізге үлкен өзгеріс әкелді, өйткені барлық оқу орындары (университет, колледж, мектеп) кіріктірілген білім беру әдістін қолдана бастады. Қазіргі кезде Назарбаев Зияткерлік университеті және Назарбаев Зияткерлік мектептері, Білім Инновация лицейілері, дарынды оқушыларға арналған “Жас Дарын” мектептері кіріктірілген білім беру әдісін қолданып жатыр. Бұл әдісті қолданбастан бұрын, бірнеше тәжірибе жұмыстарын, мұғалімдермен педагогикалық тренинг өткізіп, көптеген мұғалімдер шетелдерге барып білімдерін жетілдірген [3].

Сабақ барысындағы қарым-қатынаста ағылшын тіліндегі сөздерді, сөз тіркестерін, терминдерді жие қолдану: оқушылардың сөздік қорының толығуына, тілдік кедергілерден жеңіл өтуіне, өздері үшін жаңа ұғымдар тануына, пәндік бақылаулармен, тәжірибелер жүргізулеріне құлшыныстары артады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуіне, танымдық және

шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Оқушылардың дағдыларын бекіту мақсатында топта, жұпта ұсынылған тақырыптар бойынша ағылшын тіліндегі элементтерді байланыстыра отырып, шағын жобалар қорғауды сабақ үрдісінде жие қолдану, оң нәтижесін береді.

Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдау арқылы табысқа жетуге, әрі сабақтың тиімділігін барынша арттыруға болады. Оқушыларға сабақ жүргізу барысында физика пәні бойынша ағылшын тіліндегі элементтерін енгізе отырып, білім беруде мынадай қағидаларды есепке алдым:

- өмірмен байланыстыра отырып сабақ бере білу;
- оқушылардың материалдарды ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін сабақты тірек белгілері мен тірек конспектілері бойынша беру;
- тест-сұрақтары мен тексеру;
- есептің шығаруда қолданылатын формулаларды ағылшын тілінде түсіндіруді үйрету;
- оқушы сабақ кезінде қажетті мәліметті, заңдылық ережені, фактіні алуға және есіне сақтауға міндетті;
- өз бетімен жұмыс істеуін, шығармашылық мүмкіншіліктерін, ойлау қабілетін арттырып отыру.

#### **CLIL - екі мақсатты көздейтін оқыту әдістемесі:**

1. Екінші немесе үшінші тіл арқылы пәнді оқыту.
2. Пән арқылы тілді оқыту.

CLIL әдісін қолданатын мұғалім тек пән мұғалімі немесе тек тіл мұғалімі болмауы тиіс, керісінше, пән мен тілді қатар оқытуы керек. Бұл әдіспен оқытудың ерекшелігі, мұнда түрлі оқыту жағдайларда сабақ және оқу мақсаттарының берілген кезеңіне тиісті тілді пайдаланып, сабақты өткізу екі тілде жүзеге асырылады.

Осылайша, сабақты CLIL әдісі бойынша жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгертін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі.

**CLIL әдісін қолдану мұғалімнен:** пәндік білімін жетілдіруді, ресурстарды кеңінен қолдануды, сабағын тиянақты жоспарлауды, кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруды талап етеді.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мұғалімдер үшін маңызды мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тірегі етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр оқу орнының жауапкершілікпен атқаратын міндетінде.

**CLIL әдісін қолдану барысында:** әр сабақтың пәндік және тілдік мақсаттары болуы керек, мұғалім оқушылардың сол мақсаттарға жетуін қадағалауы қажет, сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалуы қажет, айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылуы қажет, белсенді оқу әдістерін қолдану қажет.

**CLIL әдісін қолдану барысында тапсырмалар [4,5]:**

- мақсатқа бағытталған;
- оқушылардың тіл деңгейлеріне сай;
- орындауға қызықты;
- ынталандыратын;
- бір-бірімен логикалық түрде байланысқан болуы қажет.

Үш тілді бірдей меңгеру әрбір қазақстандық жастың міндеті. Қазіргі білім беру саласында да үштілділікті енгізу жаппай қолға алынууда. Біздің мақсатымыз - жан жақты, бәсекеге қабілетті, көптілді білетін, қазіргі заманға сай маманды даярлау. Осы мақсатта мен де, болашақ іс жүргізуші мамандардың үш тілді қатар меңгеруі бастамасын жүзеге асыруды мақсат еттім. Өз сабақтарымды CLIL технологиясын басшылыққа ала отырып өткіземін. Мысалы: CLIL технологиясы арқылы өткізілген сабақта оқушылардың ағылшын тілінде оқу, сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін үй тапсырмасы үш тілде тест тапсырмасы арқылы тексерілді. Сабақта кездесетін жаңа сөздермен танысып, терминдер бойынша сәйкестендіру тест (mathing) тапсырмалары орындалды. Сонымен қатар STT (student talking time), TTT (teacher talking time) яғни оқушының сөлеу уақыты, мұғалімнің сөйлеу уақыты. Толығырақ айтатын болсам кері байланыс, оқушылардың бірін бірі бағалауы. Бұл кезде оқушылардың пәндік білімдерін ғана емес тілдік білімдерін дамытуға ықпалын тигізеді.

Қорыта айтқанда, үш тілді меңгеру оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, өркениетті мәдениетке ден қойып, ғылым саласындағы әлемдік жаңалықтарды алғашқылардың бірі болып білуіне негіз болады. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілділік оқытуға көңіл бөлу – бүгінгі заман тапсырысы болып табылады. Елбасымыз «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп келешек ұрпаққа үлкен үміт артуда. Ал келешек ұрпақ бейбітшілік пен келісімде өмір сүре алатын, басқа мәдениетті түсініп, құрметтейтін, көп ұлтты және көп мәдениетті ортада белсенді өмір сүруге қабілетті тұлға және тіл меңгеру арқылы жаңа кәсіптерге жол ашылатындығын саналы түрде түсінуі қажет. Бүгінгі мектеп оқушылары мұғалімдердің ізденісі негізінде аталған мүмкіндікке қол жеткізіп отыр. [6], [7]

#### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2007-zhylgy-28-akpan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2007-zhylgy-28-akpan)
2. <http://zkoipk.kz/confnis1s/712-conf.html>
3. <http://kazmkpu.kz/kz/o-u-derisi-1/zho-ary-o-u-ornynan-kejingi-bilim-beru-b-limi/bolasha-ba-darlamasy>
4. Coyle D., Hood P., Marsh D., CLIL Content and Language Integrated Learning. CUP, 2012, 173
5. Lasagabaster D., Huguet A. A. Transitional Study in European Bilingual Contexts// editor David Lasagabaster//Multilingualism in European Bilingual Contexts: language use and Attitude. Clevedon, GBR: Multilingual Matters Limited, 2006, 251 б.
6. <http://www.orleu-uko.kz/ru/index.php/archives/>

7. <https://pandaland.kz/articles/nashi-deti/shkolnoe-obuchenie/cto-nas-zhdet-s-novoj-shkolnoj-programmoj>